



5

Мен ата-анама көмекшімін

- Артикуляциялық жаттығу
- Саусақ жаттығуы
- Көз жаттығуы

Анам – менің аппағым,
Дайын оған көмегім.
Бауырымды баққаным,
Қолқабыс деп сенемін.



Тіл дамыту

Мақсаты: балалардың бойында ата-анаға деген жақсы қарым-қатынас



негідерін қалыптастыру, ата-ананың бала өмірінде ерекше орын алатынын түсіндіру. Баланы ата-анаға көмектесуге, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балаларға жаңа тақырыпты түсіндіру үшін ойын ұйымдастырады. Балаларды екіден немесе үштен топтастырып, отбасылық жағдаят ойластырады, сондай жағдайда балалар қалай әрекет ететінін бақылайды. Педагог сұрақ қою арқылы балаларға мұндай жағдайда қалай әрекет етуге болатынын көрсетеді (Үйге қонақ келгенде біз қалай көмектесеміз? Мәшине жөндеп жатқан әкеге қалай көмектесе аласың? Үй жинап жүрген әпкеңе қалай көмектесесің? Жылап жатқан ініңді қалай жұбатасын? т.б).

Балалар бір-бірін бақылап, баға береді. Педагог балаларға қажет жағдайда көмек көрсетеді. Дәптермен жұмыс ұйымдастырады.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері.

Дыбыстар мен әріптер әлемі

«Ж» дыбысы және әрпі.

Мақсаты: «Ж» дыбысының айтылу артикуляциясымен таныстыруды жалғастыру. Басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге, сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балаларға сұрақ қою арқылы «Ж» дыбысының қаншалықты есте сақталғанын тексереді. Дыбыс пен әріптің қандай айырмашылығы бар? (Дыбысты естиміз, айтамыз, ал әріпті көреміз, оқимыз, жазамыз). «Ж» дыбысы қандай дыбыс? (Дауыссыз) «Ж» дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі? (Басында, ортасында, соңында) Педагог балаларға «Ж» дыбысынан басталатын сөздерге байланысты жұмбақтар жасырады:

1. Күндіз бәрі қашады,
Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)

2. Төбеден төнеді,
Тамшысын төгеді. (Жаңбыр)

3. Ағайынды бәрі.

Шықса жасыл,
Түссе сары. (Жапырақ)

4. Күндіз тіпті ұшпайды,
Түнде тышқан ұстайды,
Көзі шамға ұқсайды. (Жапалақ)

Осы сөздердің барлығы қандай дыбыстан басталады? («Ж» дыбысынан) «Ж» дыбысының баспа және жазба түрлерін көрсетеді. «Қандай текшемен белгілейміз?» сұрағына жауап алады. Педагог дәптермен жұмыс ұйымдастырады.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері, көрнекі суреттер.



Сергіту сәті

Алға қарай бір адым,
 Артқа қарай бір адым
 Бір орнымда қозғалып,
 Кезек басып тұрамын.
 Жоғары, төмен қарайық.
 Орнымызды табайық.

Қарапайым математика

Жұбын тап.

Мақсаты: балаларды заттардың арасындағы байланысты таба білуге үйрету. Балаларды салыстыруға, мұқият болуға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалардың логикасын дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балалармен шеңберге тұрады. Сабақты бастар алдында педагог балаларға, балалар бір-біріне жақсы көңіл күй тілейді. Педагог сабақты ойын түрінде өткізетінін айтып,

түрлі дидактикалық ойындарды таныстырады.

1. «Жұбын тап». Геометриялық пішіндерді беріп, тура сондай геометриялық пішінді табуға тапсырма береді. Қайталатып, салыстырып жаттықтырды.
2. «Кім бірінші?» Баланың көзін байлап, қолына пішін беріледі. Бала геометриялық пішінді сипалап анықтайды, пішінді сипаттап береді.
3. «Суреттің екінші бөлігін сал» Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да, екінші жартысын салады. Ойын ойнап болған соң, педагог дәптермен жұмыс ұйымдастырады.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері, үлестірмелі материалдар, көрнекіліктер.

Қоршаған орта

Мақсаты: өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсету дағдыларын жетілдіру. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог:

– Бір жылда неше мезгіл болады? Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс айында қандай құбылыстар болып жатыр? (Балалардың жауабы).

– Жарайсыңдар, балалар! Балалар, бізге Мағжанның анасы көмек сұрап хат жазып жіберіпті. Ал, балалар, Мағжанның анасына көмек беруге дайынбыз ба? Балалар, біздің өміріміздегі ең жақын адамымыз – анамыз! Аналарымыз бізге әрқашан қамқор болып, мейірімін төгіп жүреді. Сондай аналарымызды қуантуға біз де әрдайым дайын болуымыз керек. (Балаларды төрт топқа бөліп отырғызып, әр үстелге сурет қойылады. Сол сурет бойынша тапсырмаларды орындайды.) Балалар, біз үлкен болғанда анамызға қымбат сыйлық жасап



қуантамыз, ал қазір анамызға үй шаруасына көмектесіп қуанта аламыз.

1-сурет: Балалар сендер бір жылда төрт мезгіл бар екенін білесіңдер. Ал біз төрт мезгіде бірдей киінеміз бе? Әрине, жоқ. Олай болса, балалар мына жердегі киімдер араласып кетіпті, ретімен бөліп қояйық. Балалар өте жақсы орындадыңдар, жарайсыңдар!

2-сурет: Балалар бүгін біз қонаққа арнап көкөністен әдемі жеңіл салат жасайық, дайынсыңдар ма?

3-сурет: Балалар, ас үйдің жиһаздары мен қонақ бөлменің жиһаздары араласып кетіпті. Жиһаздарды реттестіріп орналастырайық.

4-сурет: Балалар, енді адасқан шұлықтарды бір-бірімен қосып, жинауға көмектесейік.

Педагог дәптермен жұмыс ұйымдастырады.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері, көрнекіліктер.

Сергіту сәті



Шығармашылық

"Отбасыма тәттілер"

Мақсаты: балаларға ермексаздан тәттілерді мүсіндеуді үйрету. Мүсіндеу әдістерін меңгерту; алақан қимылдарымен жалаушаны айналдыру қабілетін дамыту, элементтерді басу арқылы қосу қабілетін бекіту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балалармен кондитерлік және нан-тоқаш өнімдерінің сыртқы түрін, безендіру нұсқаларын қарастырады. Балалармен бірге нанның, кондитерлік өнімдердің, тәттілердің неден жасалатынын әңгімелейді. Тақырыпқа сай тапсырма береді. Балаларға печенье, торт, тоқаш, шелпектердің қандай түрлері бар екенін көрсетіп: – Қараңдаршы, олар қандай әдемі! Олардың пішіні қандай? (дөңгелек, шаршы, сопақ). Олар қалай безендірілген: әртүрлі жүректер, гүлдер, саңырауқұлақтар, тұқымдар және т.б. (Балалар кондитерлік өнімдер бейнеленген иллюстрацияларды қарайды) Баланы әрекетіне қарай мадақтауы қажет.

Қажетті құралдар: түрлі-түсті ермексаз, тақтайша, көрнекілік.

Ертегі әлемі

«Көбелекке көмек» ертегісі.



Ойнайық, ойлайық

Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін арттыру, үлкенді сыйлап, оларға көмек көрсете білуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: педагог балаларға өтілген тақырып бойынша тапсырманы түсіндіріп, іс-әрекеттерді сипаттап береді. Қай әрекет дұрыс, қай әрекет бұрыс анықтап көрсетуге, өз таңдауын жасауға мүмкіндік береді. Ойынның көмегімен балаларды адалдыққа, мейірімділікке,



сенім және ықыластылыққа тәрбиелейміз. Балалардың қиялын оятып, қызығушылықтарын дамытамыз.

Қажетті құралдар: жұмыс дәптері.

Күтілетін нәтиже: балалар көмек туралы түсінік алады. Жақсы, жаман әрекеттерді ажыратып, көмек көрсетуге талпынады. «Ж» дыбысымен танысып, дыбысты қолдана алады. «Ж» дыбысы сөздің басы, ортасы, соңында келетінін біледі. Берілген тапсырманы аяғына дейін жеткізе алады. Қарапайым есептерді шығара алады, жұп мағынасын түсінеді, сәйкестендіре алады. Берілген тақырыптағы тапсырмаларды орындап, сұрақ-жауап тапсырмаларын орындай алады.

